

**«M.S.Narıkbaev atyndaǵy KAZGUU Universiteti» АҚ  
С. ЗИМАНОВ атындағы ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР  
АКАДЕМИЯСЫ  
ЖОБАЛАУ ОФИСІ**



**M. N A R I K B A Y E V  
KAZGUU  
UNIVERSITY**

**АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚТЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ**

**Turnitin компаниясымен рецензияланған**

**Астана, 2019**

## МАЗМҰНЫ

I.	Кіріспе	3
II.	Терминдер	4
III.	Нұсқаулық қағидаттары (принциптері)	5
IV.	Адал академиялық практика ережелері	6
V.	Академиялық адалдық бұзылуының алдын алу	9
VI.	Академиялық адалдықтың бұзылуы	10
	1. Плагиат	10
	2. Автоплагиат	10
	3. Ақпарат не мәліметтердің бұрмалануы немесе жалған болуы	10
	4. Бақылау шараларындағы алдау (алаяқтық)	11
	5. Жұмысты дайындауда сәйкесінше рұқсатсыз көшіру немесе ынтымақтастық (келісім)	11
	6. Алдаудың, бейадалдықтың не сәйкессіз қылықтың басқа түрлері	11
VII.	Turnitin	12
VIII.	Canvas	13
IX.	Репозиторий	14
X.	Академиялық адалдықтың болжалды бұзылуының анықталуы	16
XI.	Қарастырушы орган	17
XII.	Қарастырушы органда істің қаралуына қатысушы тұлғалардың құқықтары	19
XIII.	Академиялық адалдық бұзылғаны туралы күдік туындаған қоғамдастық мүшесінің ісін тыңдау	20
XIV.	Қарастырушы орган шешіміне қатысты апелляция	21
XV.	Академиялық адалдықтың бұзылуына қатысты шаралар қолдану мен бұзушылықтың салдарлары	22
XVI.	Академиялық бейадалдықтың деңгейлері	24
XVII.	Аталмыш нұсқаулықтың қолданылуы	28

## **I. КІРІСПЕ**

M.S.Narıkbaev atyndaǵy KAZGUU Universiteti – әрқайсысы білім беру саласы мен ғылыми қызметте жаңа биіктерге жетуге ұмтылатын білім алушылар, оқытушылық-профессорлық құрам мен ғылыми қызметкерлердің біртұтас қоғамдастығы.

Білім беру қызметі мен ғылыми зерттеулердің сапасын арттыру үшін Университет адал академиялық практика ортасын құруға және академиялық адалдық қағидаттарына жоғары деңгейде сәйкес болуын қамтамасыз етуге ниетті.

***Өзара сыйластық, кәсіби біліктілік, әділеттілік, адалдық пен эмпатия – біздің Университеттің академиялық қызметінің негізі.***

Аталмыш нұсқаулық құқықтық механизм, әрі академиялық адалдықты қамтамасыз ететін іс жүзіндегі нұсқаулық болып табылады. Әр адам адал академиялық практика ережелерін ұстануы және кез келген академиялық бейадалдық көріністерін болдырмауы керек. Университеттің барлық бөлімшелері білім алушылар мен қызметкерлерді адал академиялық практика ережелерімен таныстыруға және оның бұзылуының салдарларын ескертуге міндеттенеді.

## II. ТЕРМИНДЕР:

1. **Академиялық жұмыс** не **Жұмыс** — эссе, дипломдық жоба, магистрлік, докторлық, емтихан немесе басқа да жұмыс сияқты туындыларға объективті сипатта берілген академиялық және ғылыми мақсаттар үшін құрастырылып, ұсынылған шығармашылық не зияткерлік қызмет нәтижесі.
2. **Жұмыстың жариялануы/ жүктелуі** — Turnitin жүйесіне академиялық жұмыстың электронды нұсқасын жүктеу; Жұмыстың Университеттің уәкілетті қызметкеріне табысталуы; Жұмыстың кез келген басылымда, оның ішінде Университеттің репозиторийінде жариялануы.
3. **Turnitin** — Жұмыстағы ықтимал мәтіндік сәйкестіктерді тексеруге бағытталған автоматтандырылған сыртқы бақылау жүйесі; сонымен қатар Turnitin Feedback Studio — бағалаушы мен білім алушы арасындағы кері байланыс жүйесі.
4. **Академиялық адалдықты бұзушылық** — Нұсқаулықта қарастырылған бір немесе бірнеше ережелерді бұзушы, сонымен қатар Нұсқаулықтағы қағидаттар мен академиялық қызмет негіздерін бұзушы білім алушы немесе университет қызметкерінің әрекеті.
5. **Академиялық пробация** — 3 не 2 -деңгейдегі бұзушылықты жасаған академиялық қоғамдастықтың мүшелеріне қатысты қолданылатын іс-шаралар кешені. Шаралар жүзеге асып жатқанда шығарылған шешімге сәйкес кезеңде тұлғаға бақылау жүргізіледі. Пробация тұлғаның іс-әрекетін түзету үшін және оның жаңа бұзушылықтарды жасауының алдын алу үшін орнатылады.
6. **Қарастырушы орган** – аталмыш құжатта – Құқық жоғары мектебінің этика комитеті; Экономика жоғары мектебінің Дисциплинарлы комитеті; Жоғары Гуманитарлық мектебінің ғылым мен этика комитеті; сонымен бірге *Ad hoc комиссиясы*.
7. **Бағалаушы** — өз міндеттеріне байланысты Жұмыстарды тексеруші не бағалаушы тұлға: оқытушы, жетекші, ғылыми жетекші немесе өзге де уәкілетті тұлға.

### III. НҰСҚАУЛЫҚ ҚАҒИДАТТАРЫ (ПРИНЦИПТЕРІ)

- 1. Шынайылық қағидаты** — кез келген жағдайда құжаттарды бұрмалау және алдау, өтірік болуынан аулақ жүру, меншікті немесе оқуға қатысты академиялық жұмыстар мен ғылыми зерттеулерде авторлық құқық пен өзге де зияткерлік меншік құқығын сақтау.
- 2. Анықтық қағидаты** — ақиқатқа сай ақпаратты ұсыну, дерекке, эмпирикалық мәліметтер мен объективті пікірге сүйенген, ғылыми пайымдау жасау.
- 3. Өзара сыйластық қағидаты** — бір-біріне және басқаның еңбегіне қатысты сыйластық таныту, сонымен бірге өзге дүниетанымға толерантты болу.
- 4. Жауапкершілік қағидаты** — академиялық адалдық саясатын ұстану, академиялық адалдықтың бұзылуына әкелуі мүмкін жағдаяттардан аулақ жүру.
- 5. Ашықтық қағидаты** — академиялық адалдықты жүзеге асыру және қамтамасыз етумен байланысты іс-әрекеттер мен рәсімдерге, ақпараттарға еркін қолжетімділікті ұсыну.
- 6. Объективтілік қағидаты** — біржақты пікір мен субъективті қарым-қатынассыз объективті деректер негізінде шешім қабылдау.
- 7. Әділеттілік қағидаты** — Университеттің академиялық қоғамдастығы мүшелерінің міндеттері мен құқықтарының мүлтіксіз атқаруын, әрі академиялық адалдық бұзу әрекеттерінің әділ қарастырылуын қамтамасыз ету.
- 8. Академиялық адалдық бұзылуына атымен төзбеушілік қағидаты** – әрбір академиялық адалдық бұзылуын тіркеу және қарастыру, әрі аталмыш Нұсқаулыққа сәйкес бұзушылыққа жол бергендерге қатысты шараларды қолдану.

#### **IV. АДАЛ АКАДЕМИЯЛЫҚ ПРАКТИКА ЕРЕЖЕЛЕРІ**

Академиялық адалдық — бұл академиялық және ғылыми қызметтің ажырамас бөлігі. Жұмыстың сапасы қойылған міндеттерге қол жеткізумен ғана емес, қол жеткізудегі амалдарымен де айқындалады: жұмыс пен дәйексөз алуды дұрыс рәсімдеу, библиография таңдау, жазбаларды даярлау және Университеттің ережелеріне сәйкес болу.

Жұмыстың сапасы мен академиялық қоғамдастық мүшесінің абыройы тікелей оның іс-әрекетінің адал академиялық адалдық практика ережелеріне сәйкес болу-болмауына байланысты. Келесі ережелер академиялық қоғамдастыққа академиялық практиканың ең үздік әлемдік стандарттарына қалайша сай болуға болатынын көрсетуге бағытталған.

Адал академиялық практика – бұл төмендегі біліктерді дамытуға бағытталған қағидаттар мен әрекеттер жиынтығы:

- оқу дағдылары;
- зерттеулер мен бағаға сын тұрғысынан қарау;
- академиялық жазылым;
- сілтемелер (referencing) мен дәйексөз алу.

#### **Оқу дағдылары**

##### **Оқылым**

Қорларды іздеудің дұрыс әдістемесі, жылдам оқу, бірінші және соңғы тараушаларды немесе абзацтарды талдау және басқа да оқу техникалары қажетті ақпараттарды іздеуде және оны түсіндіруде уақыт үнемдеуге мүмкіндік береді. Оқыту тиімділігін арттыру үшін оқу техникаларына ерекше назар аудару ұсынылады. Дұрыс оқу мәтінді, автордың идеялары мен дәйектерін толық түсінуге ықпал етеді және келесі кезеңде мәліметтердің бұрмалануы мен дұрыс емес түсіндіруден сақтануға көмектеседі.

##### **Жазбалар**

Жазбаларды жүргізе білу — маңызды деп көрінген барлық ақпаратты жазып алудан гөрі аса тиімді дағды. Мысалы, мәтінді оқып болған соң не оның белгілі бір бөлігін екінші рет оқығаннан кейін жазбаларды жасаған жақсырақ. Идея, дәйек не нақты фраза болсын, әр жазбаға толық сілтемесін көрсетіп, атап өту ұсынылады. Одан өзге, тезистерді өз сөзімен жазу керек, ол өз алдына мәтіннің мәнін түсінуге және артық ұқсас перифраздан құтылуға көмектеседі.

##### **Time management**

Плагиат – бұл әрқашан әдейі ережелерді бұзу нәтижесі емес, ол көбінесе нашар жоспарлаудың салдары. Сондықтан жақсы жоспар құру, жұмыс даярлауды бөліктерге бөліп, күніне оған бірнеше сағат жұмсау ұсынылады. Мерзім қысқа болған сайын дәйексөзді дұрыс емес келтіру, сілтемелермен сапасыз жұмыс жасау ықтималдылығы басым.

## **Зерттеулер мен бағаға сын тұрғысынан қарау**

Академиялық қоғамдастықтың барлық мүшелері зерттеу жүргізу ережелерімен және әлемдік ғылыми қоғамдастық пайдаланатын үздік қағидаттарға сай деп саналады. Зерттеулер жүргізгенде академиялық қоғамдастықтың мүшелері мұқият, бейтарап және тәуелсіз болуы керек. Жұмысты даярлауда пікірлердің теңдестірілгендігіне, дәйектердің негізділігіне, қорлардың сенімділігіне көз жеткізуі керек.

### **Академиялық жазылым**

Жұмыс түріне байланысты (эссе, зерттеу, диссертация, диплом жұмысы, талдау, әдеби шолу т.б.), сонымен қатар жұмыс мақсатына қарай (талдау жүргізу, ақпарат беру, сендіру, пікір білдіру) мазмұндау стильдері өзгешеленуі мүмкін. Бірақ жазылымның негізгі жалпы ережелері бар. Солардың кейбірі төменде келтірілген:

- Жұмыстың құрылымы кіріспеден, негізгі бөлім мен қорытындыдан тұрады.
- Нақты, қысқа әрі оқылатын мазмұнды академиялық стиль қолданылады.
- Академиялық немесе ғылыми жұмыс — деректердің жиынтығы емес.
- Жұмыс автордың пікірін нақты береді және түпнұсқалы идеяларды қамтып көрсетеді.
- Әр абзац бір идеяға арналған, ал ондағы сөйлемдер логикалық тұрғыда байланысты.
- Әр абзац тақырыптық сөйлем мен тезистің пайымдауын қамтиды.
- Әр тезис мықты және нақты түсініктемемен бекітіледі: логика немесе дәлелдік қормен.
- Қажет емес, артық, маңызды емес немесе релевантты емес ақпаратты қолданудан аулақ болу керек, ал қарама-қарсы идеяларды – ажыратып алу керек.
- Өзекті, кәсіби қорларды қолдану. Мұндай қорлар жұмыс мәтінінде идеяларды біріктіреді және автордан оларды ажыратпайды. Әр қор дұрыс ұсынылып, талданып, негізделуі керек.
- Жұмыс грамматикалық, стилистикалық, пунктуациялық қателерсіз орындалады, әрі сөздер өз мағыналарына сәйкес қолданылады.

## **Сілтемелер мен дәйексөз алу**

### **Дәйексөз алу**

Дәйексөз идея авторлығын дәлелдеу үшін ғана қолданылмайды, сонымен қатар өз дәлелдері мен болжамдарын бекіту үшін де қолданылады. Дәйексөзді дұрыс келтіру оқырманға ұсынылған дәлелді егжей-тегжей зерделеуге мүмкіндік береді.

Дәйексөз келтіру қажеттілігіне, идеяны өз сөзіңізбен дұрыс жеткізгеніңізге көз жеткізіңіз және авторын көрсетіп отырыңыз. Сапалы жұмыста сенімді және абыройлы дереккөздерге сілтеме жасалады. Белгісіз авторлар мен сенімсіз сайттардан мәтінді көшіріп алудан аулақ болу керек, себебі ондай дәйексөздің түпнұсқалығына ешкім кепілдік бермейді. Өз жұмысын қолданған жағдайда тексерушіден рұқсат сұрау керек және сілтемені көрсету керек.

## **Сілтемелерді рәсімдеу (referencing)**

Пәні мен Университет бөлімшелерін таңдауына байланысты сілтемелерді рәсімдеуде түрлі стильдер қолданылуы мүмкін. Мысалы, OSCOLA, Harvard style және APA style. Сілтемелер мен библиографияны рәсімдеу бойынша түрлі бағдарламалар бар (Reference manager, Procite).

Мәтінді соңғы рет редакциялау жұмыстарын жүргізуде қиындықтарға тап болмау үшін сілтемелерді жазбаларды даярлауда рәсімдеп отыру ұсынылады. Қорытынды рәсімдеуде сілтемелер мен библиографияның сәйкестігін тексеру қажет. Feedback studio мен Canvas сілтемелерді рәсімдеуде пайдалы болуы мүмкін.



## **V. АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ БҰЗЫЛУЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ**

Академиялық адалдықты өркендету мен қорғау барлық білім алушылар мен Университет қызметкерлерінің өзара күш салуының нәтижесі болып табылады. Оқытушылар өзара сыйластық пен әділеттілік, академиялық адалдық стандарттары мен қағидаттарына әдеттендіруге жауапты.

Университет бөлімшелері қызметкерлер мен білім алушылар арасында мұндай бұзушылықтардың алдын алу мен анықтауға бағытталған рәсімдер мен тетіктерінің тәртіп-ретін әзірлейді. Университет бөлімшелері Curriculum аясында да, қосымша да аталмыш Нұсқаулықты түсіндіру бойынша шеберлік сағаттары мен тренингілер өткізеді деп күтілуде.

Оқу жылы аяқталғаннан кейін бөлімшелер бұл бағыт бойынша атқарылған жұмыстары бойынша, сонымен қатар қарастырылған істері көрсетілген статистикасы және жиналыс хаттамалары қоса берілген Қарастырушы орган қызметі бойынша толық есепті 1 шілдеден кешіктірмей ұсынады.

## **VI. АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚТЫҢ БҰЗЫЛУЫ**

### **1. ПЛАГИАТ**

Жұмыста авторлықты не бірлескен авторлықты өзіне теліп алу не құқыққа қайшы пайдалану, оның ішінде идеялар, болжамдар, тұжырымдар, әдістер, зерттеу нәтижелері, графикалар, кодтар, суреттерді заңсыз пайдалану; өзгенің ойын өз сөзімен айту, өзгенің мәтініндегі сөздерді синоним сөздер мен тіркестермен ауыстырып, сілтемесіз пайдалану, басқа да заңсыз пайдалануға немесе иемденуге қатысты іс-әрекеттер, сонымен қатар өзгенің мәтініне сілтеме беру арқылы, бірақ мәтін көлемі мен сипаты жұмыстың түпнұсқалығын анықтауға мүмкіндік бермейтін жағдайлар.

#### **Плагиат түрлері**

##### *1.1. Нақты дәлелдеусіз сөзбе-сөз*

Дәйексөз тырнақша арқылы немесе арнайы шегініс арқылы және пайдаланған дереккөзді толық келтіру арқылы теңдестірілуі керек. Оқырман қай бөлімдегі жұмыс сіздікі, ал қай тұста өзгенің ойы не идеясы дәйексөз ретінде алынғанын түсінуі керек.

##### *1.2. Нақты дәлелдеусіз интернеттен ақпаратты көшіру*

Интернеттен алынған ақпарат сәйкесінше дәйексөз түрінде келтірілуі және Пайдаланған әдебиеттер тізіміне енгізілуі керек. Мұндай ақпарат плагиат тексерісінен нәтижелі өтуі және келесі ретте рецензиялануы үшін әбден ойластырылған және талданған болуы керек.

##### *1.3. Өз сөзімен айту*

Егер сіз жұмысты жазған адамның авторлығын мойындамасаңыз, өзгенің жұмысын бірнеше сөзді, сөздердің орын тәртібі немесе дәлел құрылымын өзгертіп, өз сөзіңізбен беру плагиат болып табылады.

Өз сөзіңізбен жеткізген түсінік не идеяның реті толығымен сіздікі екендігіне қатысты жалған әсердің жоқтығына көз жеткізіңіз, себебі сіздің мәтініңіздегі авторға жасаған сілтемелер жеткіліксіз болуы мүмкін. Одан да бөтен адамның ойын жеткізіп отырғаныңызға нұсқай отырып, автордың жалпы дәйегінің қысқаша мазмұнын жазған дұрыс болады. Бұл дәйекті толық түсінуді қамтамасыз етеді.

### **2. АВТОПЛАГИАТ**

Автордың алдындағы жарияланым деректерін көрсетпей өзінің академиялық жұмысын қайта қолдануы, яғни бұрын жарияланған академиялық жұмысын не оның бір бөлігін дербес не жаңа жұмыс ретінде ұсынуы.

### **3. АҚПАРАТ НЕ МӘЛІМЕТТЕРДІҢ БҰРМАЛАНУЫ НЕМЕСЕ ЖАЛҒАН**

## **БОЛУЫ**

Мұндай бұзушылық өмірде жоқ дереккөзге сілтеме жасау, библиографияны не сілтемелерді жалған құрау, академиялық жұмыспен байланысты түйіндемеде не басқа құжаттарда дәйексіз, жалған, өзгертілген ақпарат ұсыну, өзгенің мәтіні не мәліметтерінің мазмұнын өзгерту, есепті таңдап/іріктеп алу және ұнамсыз нәтижелерден бас тарту, түсініктермен не суреттермен бұрмалау түрінде көрінуі мүмкін.

### **4. БАҚЫЛАУ ШАРАЛАРЫНДАҒЫ АЛДАУ (АЛАЯҚТЫҚ)**

Бақылау шаралары (емтихан, quiz және т.б.) кезінде ынтымақтасу және көмек көрсетуге тыйым салынған. Бақылау шараларын (емтихан) өткізу рәсімі және бақылау жұмыстарына қойылатын талаптар, сонымен қатар емтихан кезіндегі өзін-өзі ұстау, тәртіп ережелері Мектептердің жекелеген ережелерімен реттеледі.

### **5. ЖҰМЫСТЫ ДАЙЫНДАУДА СӘЙКЕСІНШЕ РҰҚСАТСЫЗ КӨШІРУ НЕМЕСЕ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ (КЕЛІСІМ)**

Келісім – бұл екі және одан да көп тұлғалардың (жұмысты даярлау үшін) ең болмағанда біреуінің ол жұмысты өзінікі ретінде жариялауына қатысты рұқсатсыз келісу. Келісім білім алушылар арасында да, Университет қызметкерлері арасында да, өзге тұлғаларды арасында да туындауы мүмкін. Уәкілетті тұлғалардың тиісінше рұқсатынсыз өзге тұлғалармен ынтымақтасу академиялық адалдық қағидаттарына қайшы келеді.

Топтық жұмыс даярлауда Мектеп немесе бағалаушының ережелеріне назар аудару керек. Егер түсінік беруге қатысты көмек керек болса немесе зерттеулер жүргізуге қатысты сұрақтар туындағанда ғылыми жетекшіге түсініктеме алу үшін өтініш жасау керек.

### **6. АЛДАУДЫҢ, БЕЙАДАЛДЫҚТЫҢ НЕ СӘЙКЕССІЗ ҚЫЛЫҚТЫҢ БАСҚА ТҮРЛЕРІ**

Жалған ақпаратқа, алдауға немесе шатастыруға негізделген академиялық басымдылықтың талаптары. Бұл жұмысты тапсыру уақытын созыруға, жоғарырақ баға не мінездеме алуға, бақылау шараларында өзін ашып көрсету не айқындау талпынысына қатысты өтініш түрінде сипатталуы мүмкін;

Өзге тұлғалардың жұмыстарын әдейі өзгерту не бүлдіру;

Қолжетімділігі шектеулі емтихан билеттерін немесе басқа да академиялық материалдарды ұрлау, басқаға табыстау, алу не бүлдіру;

Жұмысты жариялау үшін тыйым салынған материалдарды не электронды құралдарды қолдану, оның ішінде Turnitin жүйесін алдау талпынысы не өзгеден алған ой-сөздерді жасыру үшін қолдану;

Орындалған жұмыстың толық не бір бөлігінің дербестігіне қатысты сенімсіздік

тудыратын өзгеден ой-сөздер алу;

Жұмысты сатып алу, жұмысты даярлауда көмек көрсету не көмек қабылдау;  
редакциялау (корректорлық түзетуден басқа);

Аталмыш Нұсқаулықты бұзушылық туралы ақпаратты жасыру.

## VII. TURNITIN

Білім алушылар мен қызметкерлердің жазбаша жұмыстары мәтіндік сәйкестігін анықтау үшін Turnitin арқылы тексеріледі.

Мектептер Turnitin қолданылатыны туралы білім алушыларға ескерту керек және әр курс үшін келесі хабарламаны қосу керек:

*«Білім алушылар аталмыш курсты өту барысында плагиатты анықтау мақсатында міндетті жұмыстардың мәтіндік сәйкестікке Turnitin.com веб-сайтынан өтетіндігіне келіседі. Барлық ұсынылған жұмыстар осындай жұмыстарда плагиатты анықтау мақсатында Turnitin.com анықтамалық ақпараттар қорына бастапқы деректер ретінде енгізіледі. Turnitin.com қызметін пайдалану Turnitin.com веб-сайтында жарияланған Қолдану бойынша Ережелермен реттеледі».*

*Аталмыш ереже курс силлабустарына енгізілуі керек.*

Turnitin жүйесін пайдаланушылар жүйенің түпнұсқалыққа байланысты ұсынған есебі плагиаттың бар екенін анықтайтын қорытынды құрал емес, салыстырылып жатқан жұмыстардағы сәйкестіктерді ғана анықтауға арналған құрал болып табылатындығын түсінеді әрі мойындайды<sup>1</sup>. Ұсынылған жұмыстағы плагиаттың нақты бар болуы Бағалаушы (3-деңгей үшін), Қарастырушы орган не комиссия *ad hoc* (2 не1-деңгейлер үшін) шешімі нәтижесі арқылы анықталады. Мұнда ұсынылған жұмысты Бағалаушы, Қарастырушы орган не *ad hoc* комиссиясының мүшелері дербес бағалайды.

Білім алушының жұмысын тексеру нәтижелері Жұмыстың қорғауға не оның бағалануына қатысты рұқсат шешім шығарыларда ескеріледі.

<sup>1</sup> Есеппен қалай жұмыс істеу керек екендігі туралы нақтырақ мәліметті келесі сілтемеге өту арқылы білуге болады  
[https://guides.turnitin.com/01\\_Manuals\\_and\\_Guides/Instructor\\_Guides/Feedback\\_Studio/19\\_The\\_Similarity\\_Report/Interpreting\\_the\\_Similarity\\_Report](https://guides.turnitin.com/01_Manuals_and_Guides/Instructor_Guides/Feedback_Studio/19_The_Similarity_Report/Interpreting_the_Similarity_Report)

## VIII. CANVAS

Университет зияткерлік меншік құқықтарын сақтау қажеттілігін мойындай отырып, білім беру қорларына мүмкіндігінше шектеулерсіз қолжетімділікті қамтамасыз етуге ұмтылуда.

Келесі ұсыныстар оқытушыдағы (нұсқаушы) авторлық құқығы жоқ материалдарға немесе пайдалануға жазбаша рұқсаты жоқ материалдарға қатысты қолданылады. Барлық ұсыныстар заңды түрде алынған қорларды пайдалануды жорамалдайды және оқытушыларға курс әзірлеуде алдыңғы қатарлы тәжірибеге сүйенуге көмектесу үшін арналған.

### Ұсыныстар

Оқытушылар материалдарды жүйеге жүктеуде оқу бағдарламасы негізінде оқу қызметін қолдау үшін академиялық адалдық ұстанымдарын ұстанады деп күтілуде. Бұл курс модульдарына қорлар қосылған кезде нақты көрінеді. Модуль өз алдына байланысты оқылым, талқылауға арналған сұрақтарды, тапсырмалар мен оған байланысты материалдарды біріктіреді.

Оқытушыларға (нұсқаушылар) өзге тұлғалардың жұмыстарын пайдалануда авторлықты көрсету, сонымен бірге Canvas-тағы силлабустарға келесі сипаттағы ескертпелерді енгізу қажет:

*Жүйеге енгізілген материалдар «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен қорғалады. Аталмыш материалдар тек қана осы модуль мақсаттары үшін қолданылуы мүмкін және бұл модульден тыс таратыла алмайды.*

Бір модульге кітап/журналдың 1 тарауы ғана жүктелуіне рұқсат етіледі. Академиялық адалдық ұстанымдары мен ұсыныстары сақталған жағдайда ғылыми мақалалар ешқандай шектеулерсіз жүктелуіне болады. Әрі курста пайдаланылатын мақалалардың жалпы санына немесе кітап тарауларына (бірнеше дереккөздерден) шектеу қойылмайды.

Авторлық құқықтардың бұзылуынан сақтану үшін Canvas-қа құжаттарды жүктеу орнына басқа да ашық дереккөздерде бар немесе Кітапхананың сандық қор топтамасында қолжетімді онлайн-қорларға сілтеме жасау керек.

Canvas субәкімшісі (қосымша) Университеттің уәкілетті тұлғаларының рұқсатынсыз жүйеге енгізілген материалдарды, оқытушылардың курс мазмұнын таратуға құқығы жоқ.

Canvas-қа жүктелген ақпаратты қолдану тәртібі Университеттің сәйкесінше құжаттарымен реттеледі.

## **IX. РЕПОЗИТОРИЙ**

М.С.Нарикбаев атындағы КАЗГУУ Университетінің сандық репозиторийі (бұдан ары – Репозиторий) – «М.С.Нарикбаев атындағы КАЗГУУ Университеті» АҚ академиялық (ғылыми) қоғамдастықтың зияткерлік өнімдерінің институционалды электронды мұрағаты.

Авторлық құқықтың ережелерін сақтай отырып, ашық қолжетімділік ұстанымын сақтау Репозиторий қызметінің негізі болып табылады. Автор туындысына қатысты құқықтарын сақтай отырып, өз еркімен жарияланымына қолжетімділікті қамтамасыз ету шешімін қабылдайды.

Үшінші (өзге) тұлғалар Репозиторийге енгізілген ақпаратқа материалдарды көшіріп алу және дәйексөз алу мүмкіндігін авторлық құқықты ұстану жағдайында ғана қол жеткізе алады.

### **Репозиторийге енгізілген материалдар**

Монографиялар, оқулықтар, оқу құралдары, әдістемелік (ғылыми) әзірлемелер, ғылыми мақалалар, ғылыми конференция материалдары, ғылыми есептер, диссертациялар, Университеттің академиялық (ғылыми) қоғамдастық мүшелері қорғаған диссертация авторефераттары.

### **Репозиторийге енгізу**

Материалдар Репозиторийге баспалардың тарапынан оларды интернет желісіне орналастыруға қатысты тыйым болмаған жағдайда ғана енгізіледі.

Университеттің академиялық қоғамдастығының мүшесі болып табылмайтын басқа авторлармен бірлесіп жазылған ғылыми жұмыстар авторлардың біреуінің Университетке қатысы бар, әрі беруші тұлғаның материалға сәйкесінше құқығы болған жағдайында ғана қабылданады.

Сайтқа енгізу үшін Репозиторийге мақала немесе басқа да материалдар ұсынушы авторлар М.С.Нарикбаев атындағы кітапхананың (бұдан ары – Кітапхана) қосымша талаптары мен рәсімдерін ұстануы керек.

### **Репозиторийдегі ақпаратты енгізу және жою тәртібі:**

Кітапхана бағдарламалық құралдардың жұмысын, техникалық қосымша көмекті және Репозиторийде жарияланған материалдың сақталуын қамтамасыз етеді және Репозиторийге олардың жұмыстарын енгізу үшін авторларды тегін тіркейді.

Репозиторийге ақпаратты енгізу үшін автор жеке мәліметтерді өңдеуге өз келісімін беруі керек.

Репозиторийге берілген жарияланымдар мақала атауын, авторлардың аты-жөнін, авторлардың жұмыс орнын, мақаланың тірек сөздерін, мақаланың қысқаша түйіндемесін, әдебиеттер тізімін қамтуы керек. Аталмыш ақпарат орыс және ағылшын тілдерінде ұсынылады.

Репозиторийге ұсынылған материалдар мазмұнының негізділігі мен нақтылығы тек қана автордың жауапкершілігі болып табылады.

Кітапхана Репозиторийдің нақтылығын, сенімділігін, толықтығын, сапасы мен мазмұнына қатысты кепілдік бермейді, Репозиторийде жарияланатын материалды бағаламайды. Кітапхана Репозиторийге ұсынылған материалдарды уақытында жариялауға және сақтауға міндеттенеді. Жарияланымның Репозиторийге енгізілуі кезінде Кітапхана қызметкерлері Жұмысты Turnitin бағдарламасында плагиатты анықтау мақсатында, сонымен қатар аталмыш жұмыста алдыңғы жарияланым дереккөздерінің болуына қатыстылығын тексереді.

Егер құқық иесінің пікірінше, жарияланымның коммерциялық бағытта жұмсалуды мүмкіндігі болған жағдайында оны жарнамалау үшін тек библиографиялық ақпараты ғана енгізіледі. Толық мәтіндер жасырын түрде енгізіледі және жеке сұраныстар бойынша олардың құнына сәйкес беріледі. Мұндай материалдар туралы ақпарат құқық иесімен кітапханаға хабарланады.

Автордан мұндай өтініш түскен жағдайда кітапханашы электронды жарияланымды ашық қолжетімділіктен алып не жасырын түріндегі толық мәтінді ашық қолжетімді түріне алмастырады.

Репозиторийден материалдарды көшіру міндетті түрде авторды, құжат атауын, өзге де библиографиялық сипаттама элементтерін, гиперсілтеме не URL түпнұсқалы метамәліметтер бетін көрсету арқылы орындалады. Құжат мазмұны өзгертілмейді.



## **Х. АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚТЫҢ БОЛЖАЛДЫ БҰЗЫЛУЫНЫҢ АНЫҚТАЛУЫ**

Әркім академиялық адалдықтың болжалды бұзылуы туралы, академиялық адалдықтың бұзылу тәуекелдері және академиялық адалдықтың қағидаттары мен негіздерінің бұзылуына ықпал ететін не бұзатын өзге де оқиға не әрекеттер туралы хабарлауға міндеттенеді.

### **Бағалаушының болжалды бұзушылықтарды анықтауы**

Turnitin жүйесінен жұмыста плагиат болуы мүмкін немесе көшіріп алып пайдалануының пайыздық көрсеткіші жоғары болуы мүмкіндігі туралы есеп алған, не басқаша жолдармен академиялық бейадалдықтың белгілерін байқаған Бағалаушы Нұсқаулықтың бұзылуына не бұзылмауына байланысты жұмысты дербес бағалауы керек. Егер де Бағалаушымен бұзушылық дәлелденбесе, Жұмыс қандай да бір ескертпелерсіз-ақ бағалануы керек.

Егер Бағалаушы Жұмыста плагиат бар деп есептесе, ол XVI тарауға сәйкес талдау жүргізіп, Жұмысты дербес бағалау керек немесе Қарастырушы органға материалдарды жіберу туралы шешімді шығаруы керек.

Егер Бағалаушы Жұмыста академиялық адалдықтың бұзылуының плагиат пен автоплагиаттан басқа түрлері орын алған деп есептесе, онда ол болжалды бұзушылықтар туралы материалды даярлайды. Ол материал бөлімше ережелерімен белгіленген мерзімге сәйкес Қарастырушы органда істің қаралуына берілуі керек.

Болжалды не анықталған бұзушылықты қарастыру барысында жинақталған материал бөлімшелерде академиялық адалдықтың бұзушылықтарының алдын алу бойынша жұмысын жетілдіру және анықтау үшін иесізденген түрде қолданылуы мүмкін.

### **Болжалды бұзушылықтарды өзге тұлғалардың анықтауы**

Әркім егер өзіне қатысты не өзімен байланысты қандай да бір орындалған әрекет аталмыш Нұсқаулықта көрсетілген бір не бірнеше ереженің бұзылуына әкелді деп санаса, Қарастырушы органға сәйкесінше өтініш беруіне құқылы.

Өтініште орын алған жағдайдың бәрін жазбаша мазмұндап, оны Университет ХҚКО-сына (ЦОН) беру қажет. Мұндай өтінішті беру мерзімі өтініш берушінің пікірінше аталмыш Нұсқаулық бұзылды деп есептеген сәттен не оған бұл мәлім болған сәттен бастап бір айды <sup>2</sup> құрайды. Өтініште міндетті түрде өтініш берушінің пікірінше аталмыш Нұсқаулықты бұзған Университет бөлімшесі не тұлғасы көрсетілуі керек. Дәлелдеу ауыртпалығы өтініш берушіге тиесілі.

2

Аталмыш мерзім қызметкерлерді тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы заңнамадағы талаптармен байланысты.

## **XI. ҚАРАСТЫРУШЫ ОРГАН**

Университет бөлімшесінің Қарастырушы органы академиялық адалдықты қорғауға арналған. Қарастырушы орган академиялық адалдықтың бұзылуындағы күдіктер бойынша тексеруді өткізеді және оның нәтижесі бойынша шешімдерді шығарады.

Қарастырушы орган құрамы, оның мүшелерінің өкілеттігі және оның қызметіндегі басқа да ережелер мұндай текстес орган құрылған Университет бөлімшелері не Мектептер актілерімен қабылданады.

Қарастырушы орган құрамына енген мүшелер мен өзге де тұлғалар Университеттің барлық академиялық қоғамдастығының арасында мінсіз абыройлы және өз міндеттерін атқаруда әділ болуы керек. Аталмыш Нұсқаулықты бұрынғырақ бұзушы тұлғалар Қарастырушы органның төрағасы, тұрақты мүшесі не хатшысы болуы мүмкін емес. Егер Нұсқаулықтағы болжалды бұзушылықты анықтаған тұлға Қарастырушы орган құрамында болса, бұл күдікті қарастыру барысында ол дауыс бере алмайды.

Қарастырушы орган шешімдері істің қаралуында ашық дауыс беру арқылы қабылданады. Шешім дауыс көпшілігімен қабылданады. Дауыс беру орган мүшелерінің дауыс беру құқығы бар 2/3 бөлігі болған жағдайда ғана жүргізіледі. Қарастырушы орган қызметіне араласуға жол берілмейді.

### **Қарастырушы орган құзыреті**

#### *Қызметкерлерге қатысты құзырет*

*Ad hoc* комиссиясын қоспағанда Қарастырушы орган тек аталмыш Қарастырушы органның қатысы бар Университет бөлімшесінің тұрақты резиденті болып табылатын қызметкеріне қатысты істің қаралуын өткізуге құқылы.

Университет бөлімшелерінің түрлі резиденттері болып табылатын, бір немесе бірнеше бір-бірімен байланысты бұзушылықтарға жол берге қызметкерлерге қатысты күдік туындаған жағдайда, сонымен қатар егер олардың біреу қандай да бір академиялық адалдықтың бұзылуына ықпал етсе, онда мұндай істі қарау тек *ad hoc* комиссиясының ғана құзыретінде болады.

Егер белгілі бір бөлімшенің тұрақты резиденті болып табылатын университет қызметкері өзге бөлімше үшін өз қызметін атқару нәтижесінде күдікке алынса, онда оған қатысты істің қаралуы оның тұрақты резиденттілігіне қатысты Қарастырушы органда жүргізіледі.

#### *Білім алушыларға қатысты құзырет*

*Ad hoc* комиссиясын қоспағанда Қарастырушы орган білім алушыға қатысты істің қаралуын оның Университет бөлімшесінің пән/курс/бағдарлама/бақылау шарасын өту барысында оған қатысты күдік туындаған жағдайда ғана өткізуге құқылы.

Университеттің түрлі бөлімшелерінің бірнеше білім алушылары бір не өзара байланысты бірнеше бұзушылықтарды орындады деген күдік туындағанда, сонымен

бірге олардың біреуі белгілі бір академиялық адалдықтың бұзылуына ықпал етуі орын алса, онда мұндай істі қарау тек *ad hoc* комиссиясының ғана құзыретінде болады.

## **ХІІ. ҚАРАСТЫРУШЫ ОРГАНДА ІСТІҢ ҚАРАЛУЫНА ҚАТЫСУШЫ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ**

### **Өтініш беруші құқығы:**

- істің қаралуына өзі жеке, өз өкілі арқылы не байланыс құралы арқылы қатысу;
- айыпталушы тұлғаға не бөлімше өкілдеріне сұрақтар қою;
- орын алған жағдай туралы түсінікті қалыптастыруға ықпал ететін кез келген материалдарды ұсыну;
- айыпталушы тұлғаның не бөлімшенің ұсынған материалдарымен алдын ала танысу;
- оның пікірінше, болған жағдайдың объективті сипатын көрсете алатын материалдарды Университеттен талап ету. Мұндай талаптар жазбаша түрде даярланып, Университет ХҚКО-сына (ЦОН) табысталады. Бөлімше жеті жұмыс күні мерзімінде мұндай материалдарды өтініш берушіге не тікелей Қарастырушы органға жеке ұсынуы керек. Егер материалда мемлекеттік, коммерциялық немесе қолданыстағы заңнамада белгіленген құпия болса, бөлімшелер талап етілген материалдарды беруден бас тартуға құқылы. Мұндай материалдар берілмесе не берілуден бас тартылған жағдайда, онда бар барлық мәліметтер осы тараптың мүддесіне қарсы бағытталады, әрі онымен мойындалған болып табылады;
- өз ұстанымын баяндап беру.

Академиялық адалдық бұзылғаны туралы күдік орын алған тұлғаға келесі минималды құқықтарға кепілдік беріледі:

- істің қаралуына өзі жеке, өз өкілі не байланыс құралы арқылы қатысу;
- бөлімшелер өкілдеріне не өзге де істің болғанына куә болғандарға сұрақтар қою;
- Қарастырушы органға болған жағдай туралы түсінікті қалыптастыратын кез келген материалдарды ұсыну;
- оған қатысты істе көрсетілген материалдармен алдын ала танысу;
- өз ұстанымын баяндап беру;
- оның пікірінше, болған жағдайдың объективті сипатын көрсете алатын материалдарды Университеттен талап ету. Мұндай талаптар жазбаша түрде даярланып, студент – Университет ХҚКО-сына (ЦОН), ал оқытушы – Университет кеңсесіне табыстауы керек. Бөлімше жеті жұмыс күні мерзімінде мұндай материалдарды өтініш берушіге не тікелей Қарастырушы органға жеке ұсынуы керек. Егер материалда мемлекеттік, коммерциялық немесе қолданыстағы заңнамада белгіленген құпия болса, бөлімшелер талап етілген материалдарды беруден бас тартуға құқылы. Мұндай материалдар берілмесе не берілуден бас тартылған жағдайда, онда бар барлық мәліметтер осы тараптың мүддесіне қарсы бағытталады, әрі онымен мойындалған болып табылады.

### **ХІІІ. АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ БҰЗЫЛҒАНЫ ТУРАЛЫ КҮДІК ТУЫНДАҒАН ҚОҒАМДАСТЫҚ МҮШЕСІНІҢ ІСІН ТЫҢДАУ**

Қарастырушы орган келесі жағдайларды анықтау үшін істі қарайды:

- осы Қарастырушы орган істі қарауға сай құзыретті ме;
- ісі қаралып жатқан тұлға пробацацияда ма;
- академиялық адалдық бұзылғаны анық орын алған ба;
- ісі қаралып жатқан тұлға бұған жауапты ма;
- Нұсқаулықтың XVI тарауына сәйкес аталмыш бұзушылық қандай бұзу деңгейіне қатысты және қандай көлемде.

Істі қарау тәртібі Университет бөлімшелеріндегі сәйкесінше актілермен белгіленеді.

Академиялық адалдық бұзылғаны туралы күдік туындаған тұлғаға мұндай күдік туындағаны туралы ақпарат, оның құқығы, сонымен қатар істің қаралатын уақыты мен орны ойға қонымды мерзім ішінде хабарланады.

Істің қаралу нәтижелері бойынша Қарастырушы орган академиялық адалдық бұзылғаны туралы шешімді шығарады, күшінде қалдырады не жояды. Университеттің сәйкесінше бөлімшелеріндегі актілерімен өзгесі қарастырылмаса, Қарастырушы орган академиялық адалдық бұзылғанына қатысты қолданылатын жазаны дербес анықтайды.

#### **XIV. ҚАРАСТЫРУШЫ ОРГАН ШЕШІМІНЕ ҚАТЫСТЫ АПЕЛЛЯЦИЯ**

1-деңгейдегі бұзушылыққа қатысты Қарастырушы органның шешіміне апелляция берілуі мүмкін. Апелляцияны істі қарау нәтижелері жарияланғаннан бастап бес жұмыс күні ішінде студентт ХҚКО арқылы, ал қызметкерлер Университет кеңсесі арқылы береді.

Апелляцияны қарастыруды *ad hoc* комиссиясы жүзеге асырады. *Ad hoc* комиссиясы мүшелерінің құрамы мен оның қызмет ету тәртібі *ad hoc* комиссиясының төрағасы болып табылатын Провостпен анықталады.

*Ad hoc* комиссиясының қарастыру нәтижелері бойынша жаңа шешім шығарылады не Қарастырушы орган шешімі расталады.

## **XV. АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚТЫҢ БҰЗЫЛУЫНА ҚАТЫСТЫ ШАРАЛАР ҚОЛДАНУ МЕН БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ САЛДАРЛАРЫ**

Академиялық адалдықтың бұзылуына қатысты шараларды қолдану мен бұзудың салдарлары келесі айтылған шарттардың біреуі ғана сақталғанда мүмкін:

- Қарастырушы орган шешімі бола тұрып, шешімге апелляция беру аталмыш Нұсқаулықта қарастырылмаса не апелляция мерзімі өткізіліп алынған жағдайда;
- Орын алған жағдайды *ad hoc* комиссиясы академиялық адалдықтың бұзылғаны деп танығаннан кейін.

Барлық академиялық бейадалдық нәтижелері транскриптілерде, анықтамаларда, жеке істерде және студенттердің оқу нәтижелерін көрсететін өзге де құжаттарда көрінуі керек.

### **Академиялық адалдық бұзылуы кезінде қолданылатын шаралар**

Академиялық адалдық бұзылуы кезінде қолданылатын шаралар академиялық адалдыққа және аталмыш Нұсқаулықта көрсетілген оның ұстанымдарына қатысты тиісті қарым-қатынасты қалыптастыру мен жөндеуге қызмет етеді. Шаралар мен салдарлар тек осындай қарым-қатынас қалыптастыра алатын деңгейде ғана қолданылуы керек.

### **Қызметкерлерге арналған шаралар:**

- Еңбек келісімшартын жұмыс беруші бастамасымен бұзу;
- университет ұсынған артықшылықтардан айыру;
- қатаң сөгіс;
- сөгіс;
- ескерту.

### **Студенттерге арналған шаралар:**

- оқудан шығару;
- университет ұсынған артықшылықтардан айыру;
- ескерту.

### **Мазмұнында не даярлау кезінде академиялық адалдықтың бұзылуы анықталған барлық жұмыстар:**

- білім алушылар үшін – бағалаусыз автоматты түрде жойылады;
- қызметкерлер үшін – аталмыш жұмыс үшін төленетін сома/төлем не сыйақы қайта қарастырылады.

### **Пробация**

Пробация білім алушы не қызметкерге академиялық адалдықты бұзған жағдайында оған әсер ету шарасы болып табылады. Пробация негізгіден басқа қосымша шара болып табылады, 2 және 3-деңгейлерлегі бұзушылықтардың барлық жағдайында орнатылады.

Білім алушы не қызметкерге қатысты пробацияны оның өзі оқитын не қызмет ететін Университет бөлімшесі жүзеге асырады. Пробация белгіленген мерзім аяқталғанға дейін білім алушы не қызметкерде сақталады, ал ол басқа бөлімшеге ауысқан жағдайында сақтала отырып, ол ауысқан бөлімшемен жүзеге асырылады. Пробация мерзімі тұлғаның шығу, еңбек демалысы кезінде не өзге де Университеттегі қызметін атқармауы кезінде тоқтатыла тұрады да, қайтып келген жағдайында қайта орындалады.

Егер пробациядан өту кезінде тұлға бұрынғыдай не басқа да академиялық адалдық бұзушылықтарды жасаса, оның бұзушылығы автоматты түрде бірінші деңгейдегі бұзушылық болып танылады.



## XVI. АКАДЕМИЯЛЫҚ БЕЙАДАЛДЫҚТЫҢ ДЕҢГЕЙЛЕРІ

Әр академиялық адалдықты бұзушылық Қарастырушы органмен жеке не *ad hoc* комиссиясымен төменде көрсетілген үш деңгейге сай қарастырылады.

Қандай да бір бұзушылықтың деңгейі келесі кесте негізінде анықталады.

Өлшемшарттары	Түсініктемелер	Тарифтер
<b>№ 1 өлшемшарт. Бұзушылық тарихы.</b>	<p>Нұсқаулықты бұзушылық тарихы сәйкесінше шараларды анықтауда негізгі құжат болып табылады.</p> <p>Нұсқаулықтағы ережелерге сай кейінгі бұзушылықтар қайталама болып есептеледі, әрі оған түрлі бұзушылықтар болса да (мысалы, плагиат, кейін келісім) балл беріледі.</p> <p>Бұл түсініктеме шаралары бірінші бұзушылықтан кейін жүргізілгенін, соған сәйкес келесі бұзушылық білместікпен болмағанымен байланысты.</p>	<p>Бірінші бұзушылықта - 100 балл.</p> <p>Екінші бұзушылықта - 150 балл.</p> <p>Үшінші және одан кейінгі бұзушылықтарда - 200 балл.</p>
<b>№ 2 өлшемшарт. Академиялық деңгей.</b>	<p>Академиялық деңгей – бұл академиялық қоғамдастық дайындығының көрсеткіші.</p> <p>Бакалавр дәрежесін басқа оқу орындарында алған магистранттар не Университетке екінші не үшінші курста ауысқан студенттер Университет қабырғасында үздіксіз білім алғандардан ерекшеленеді.</p> <p>Бұл мұндай азаматтар Нұсқаулық ережелерімен қосымша танысуды қажетсінеді деген сөз.</p> <p>Бірақ Университеттің бітіруші курс студенттеріне, магистранттарына, докторанттар мен қызметкерлеріне қатаң талаптар қойылады, себебі олар басқа қоғамдастық мүшелеріне үлгі болуы керек.</p>	<p>Бірінші курс студенттері үшін - 70 балл.</p> <p>Екінші және үшінші курс студенттері, сонымен бірге басқа университетте бакалавр дәрежесін алған магистранттар үшін -115 балл.</p> <p>Бітіруші курс студенттері, Университетте бакалавр дәрежесін алған магистранттар, докторанттар мен қызметкерлер үшін – 140 балл.</p>
<b>№ 3 өлшемшарт. Тапсырма түрі.</b>	<p>Тапсырманың түрі бұзушылық орын алған кезеңді анықтауға көмектеседі.</p>	<p>Бағаланбайтын жұмыс - 15 балл.</p> <p>Бағаланатын стандартты жұмыс - 30</p>

		балл. Үлкен жоба, маңызды жұмыс (диссертация, диплом жобасы, қызмткерлер үшін зерттеулер т.б.) - 60 балл.
<b>№ 4 өлшемшарт. Көлем.</b>	Плагиат не бұзушылықтың көлемі қорытынды шешімге әсер етуі керек. Плагиаттың %-дық көрсеткіші Turnitin есебі арқылы автоматты түрде есептелмеуі керек. Ол үшін бағалаушы мәтінге мұқият талдау жүргізу керек.	<b>Егер плагиат автоплагиатқа қатысты болса:</b> 5%-дан кем және 2 сөйлемнен кем - 80 балл. 5%-дан кем және 2 сөйлемнен кем, бірақ плагиат тапсырманың негізгі идеялары сияқты маңызды аспектілеріне қатысты болса – 105 балл. 5% бен 20% арасы немесе 2 сөйлемнен артық және 2 абзацтан артық емес болса – 105 балл. 5% бен 20% арасы немесе 2 сөйлемнен артық және 2 абзацтан артық емес болса, бірақ плагиат тапсырманың негізгі идеялары сияқты маңызды аспектілеріне қатысты болса – 130 балл. 20% бен 50% арасы немесе 2 абзацтан артық 5 абзацтан аспайтын болса – 130 балл. 20% бен 50% арасы немесе 2 абзацтан артық 5 абзацтан аспайтын болса, бірақ плагиат тапсырманың негізгі идеялары сияқты маңызды аспектілеріне қатысты болса - 160 балл. Жұмыстың 50%-ынан астам не 5 абзацтан артық болса – 160 балл. <b>Басқа жағдайларда</b> Қарастырушы орган орын алған бұзушылықтың ауқымын, зиянын не залалын, көлемін анықтау керек. Бұл алдау, келісім, бұрмалау және басқа да алдау түрлеріне қатысты.

		Кішігірім бұзушылықтар - 80 балл. Орташа бұзушылықтар - 130 балл. Қатаң бұзушылықтар - 225 балл.
<b>№ 5 өлшемшарт. Ниет.</b>	Аталмыш Нұсқаулық ережелерін саналы түрде бұзушылықты анықтау ауырлау болғанымен, ескеруге қажетті бірнеше талассыз жағдайлар бар.	Бақылау шараларындағы алдау - 40 балл. Келісім және басқа да алдау - 100 балл. Turnitin жүйесін алдауға бағытталған әрекеттер, мысалы әріптерді ауыстыру, жекелеген сөздерді не сөйлемдерді өзгерту, файлды зақымдау – 100 балл. VI тарау, 3-тармақтағы ақпараттың не мәліметтердің бұрмалануы не жалған болуы - 100 балл. Үшінші (басқа бір) тұлғамен жазылған жұмысты тапсыру (жұмыс сатылып алынған болса да, болмаса да) - 225 балл.

Мысалы. 1-курс студенті қорытынды жұмысты тапсыру үшін эссе сатып алды. Тарифтер 100 (тарих)+ 70 (академиялық деңгей) + 30 (тапсырма түрі) +0 (көлемі) +225 (ниеті) =425 балл – 3-деңгей.

### **1-деңгей (560 баллдан астам)**

Аса маңызды академиялық адалдық бұзушылық ретінде, әрі академиялық пробация кезеңінде жасалған кез келген бұзушылық ретінде сипатталады.

1-деңгейіне әдетте мыналар жатқызылады: дипломдық, магистрлік, докторлық Жұмыстарда плагиат, автоплагиат, ақпараттар мен мәліметтерді бұрмалау не жалған жасау орын алған жағдайда; бақылау шараларындағы алдау (алаяқтық), сонымен қатар өрескел түрде жасалған не академиялық қоғамдастыққа не академиялық қоғамдастық абыройына зиян тигізген басқа да бұзушылықтар.

Қолданылатын шаралар: бағаны төмендету, жұмыстың «қанағаттанарлықсыз» (F) деп бағалануы, жұмыстың келесіде жөнделуін көздейтін бір бөлігінің не толықтай қабылдануынан бас тарту (қызметкерлер үшін), оқудан шығарылу/ еңбек келісімшартын жұмыс беруші бастамасымен бұзу, қатаң сөгіс.

### **2-деңгей (525-559 балл)**

Академиялық адалдықтың ауырлау бұзушылықтарының әдейі жасалғандығына қатысты анықтауда жеткілікті көлемдегі бұзушылықтардың жиынтығы ретінде сипатталады.

2-деңгейге әдетте бақылау шараларындағы плагиат, автоплагиат, ақпараттар мен мәліметтерді бұрмалау не жалған жасау, алдау (алаяқтық) сияқты бұзушылықтар жатқызылады.

Қолданылатын шаралар: бағаны төмендету, жұмыстың «қанағаттанарлықсыз» (F) деп бағалануы, екі жылдан бастап академиялық пробация, жұмыстың келесіде жөнделуін көздейтін бір бөлігінің не толықтай қабылдануынан бас тарту (қызметкерлер үшін), университет ұсынған артықшылықтардан айыру.

### **3-деңгей (525 баллдан төмен)**

Қоғамдастық мүшесімен алғаш рет не артынан ауыр салдарлары болмаған, аса ауыр емес көлемдегі, оның ішінде абайсызда жасалған не техникалық қателік не немқұрайлылық нәтижесінде орын алған бұзушылықтардың жиынтығы ретінде сипатталады.

Егер бағалаушы Жұмыста 5% көлемінде және 2 сөйлемнен аспайтын плагиатты анықтаса, ол оны бағалайды және тапсырманың негізгі идеясына қатысты мәтіндегі плагиаттың әсеріне қарай бағаны 5% -дан 10%-ға дейін төмендетеді.

Егер бағалаушы Жұмыста 20%-дан артық емес не 2 абзацтан аспайтын 2 сөйлемнен артық плагиатты анықтаса, онда бағалаушы тапсырманың негізгі идеясына қатысты мәтіндегі плагиаттың әсеріне қарай бағаны 10% -дан 20%-ға дейін төмендетеді.

Егер бағалаушы Жұмыста 20%-дан артық және 2 абзацтан асатын плагиатты анықтаса, онда бағалаушы ол жұмысқа қанағаттанарлықсыз (F) бағасын қоюға және оны Қарастырушы органға жіберуге құқылы.

Басқа жағдайларда Бағалаушы материалдарды Қарастырушы органға жіберуі керек.

Салдарлары: бағаның төмендетілуі, жұмыстың «қанағаттанарлықсыз» (F) деп бағалануы, бір жылға дейінгі академиялық пробация.

## **XVII. АТАЛМЫШ НҰСҚАУЛЫҚТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ**

Аталмыш нұсқаулықтың қолданылуын өз саласында академиялық жұмысқа қатысты негізгі талаптарды әзірлейтін және Нұсқаулық мәтінін, оның қызмет ету әдістері мен ұстанымдарын және бұдан шығатын барлық ережелерді сол бөлімшеге қатысты білім алушылар мен қызметкерлерге ақпаратты уақытылы және толық жеткізуде жауапкершілікті мойнына алатын Университет бөлімшелері жүзеге асырады.

Университет бөлімшелері аталмыш Нұсқаулыққа сәйкес барлық адамдарды өз құқықтарын пайдалануға байланысты тең мүмкіндіктермен қамтамасыз етуге міндетті.

Академиялық адалдық саласындағы бөлімшелердің жұмыс істеу қағидаттары:

1. Академиялық адалдық барлық адамдар үшін абсолютті құндылық болып табылады.
2. Әркім академиялық адалдық стандарттары мен білім алушылардың арасында оның дұрыс түсіндірілуін қамтамасыз етуге өз үлесін қосуда
3. Әркім академиялық адалдықтың бұзушылық мүмкіндіктерінің азаюы үшін жағдай жасайды.
4. Әркім академиялық адалдықтың кез келген түрде бұзылуына қатысты тиісті әрекет етеді.
5. Бөлімшелер білім алушылармен және өз қызметкерлерімен сенім негізінде өзара тығыз әрекеттеседі.
6. Білім алу үдерісін жеңілдетуге мүмкіндік беретін идеялар құпталады және университет қабырғасында жүзеге асырылуы керек.
7. Оқытушы білім алушының академиялық адалдық жолындағы тәлімгері болып табылады.